



***Б. Майлин атындағы №21
жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-
психологы Досова Фарида
Сапаралиевна***



Сабақтың тақырыбы:

Отбасы-тәрбие


ұясы



Сабақтың мақсаты:


Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым-қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

*Баланы бастан бақпасаң,
Жамандықтан қақпасаң,
Қадірден жұрдай қасқа боп,
Кешкенің өмір босқа тек,- дегендей баланың ыстық, суығына күймейтін,
жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар.*



Тренинг жоспары:


- 1. “Кім жылдам” жаттыгуы*
- 2. “Әке жолы” жаттыгуы*
- 3. “Өз балаңызды тани білесіз ба?” жаттыгуы*
- 4. “Көңілді бишілер” жаттыгуы*
- 5. «Тілек шамы». (Қорытындылау)*



“Кім жылдам” жаттығуы

Мақсаты: Ата-ананы икемділікке, жылдамдыққа, өзгені сезіне білуге баулу.


Нұсқау: ойын жаттығуға ата-аналардың шінен бірнеше қатысушылар шығады. Ойынның шарты – су толып тұрған стакандардың үстімен шарикті шардың көмегімен мәреге жеткізу керек. Кімнің шаригі сыртқа шықпай мәреге жылдам жетсе сол қатысушы жеңімпаз атанады.



“Әке жолы” жаттығуы

Мақсаты: *Ата-ананы жауакершілікке, ұқыптылыққа, икемділікке үйрету.*

Нұсқау: *қатысушылар арасынан бір –екі ата-ана шығады, ойын шарты бойынша өрілген екі жіптің бойымен допты түсіріп алмай мәреге жеткізуі керек. Кімнің добы түспей мәреге жетсе сол қатысушы жеңімпаз атанады.*





“Өз балаңызды тани білесіз ба?” жаттығуы

*Мақсаты: Отбасында ата-ананың
балаға беріп жатқан тәрбиесі
туралы ой бөлісу.*

Нұсқау: қатысушылар арасынан бір қатысушы шығады. Ойын шарты бойынша қатысушы өз баласының тану деңгейін атықтау мақсатында сұрақтар жазылған парақтардың бетінен секіріп тапсырмаларды оқып жылдам жауап беру қажет.



“Көңілді бишілер” жаттығуы

Мақсаты: *Ата-аналардың көңіл –күйлерін сергіту.*

Нұсқау: *қатысушылар арасынан бірнеше ата-аналар қатысады , ойын жаттығудың шарты қатысушылар газет беттерінде тұрып билейді музыка тоқтаған кезде қатысушылар газеттерін екіге бүкейді салай жалғаса береді.*







«Тілек шамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: *тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.*

Нұсқау: *қатысушылар сабақ соңында сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.
Әр қатысушылар өз тілектерін білдіреді.*





*Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!*

